


ТАҚЫРЫБЫ: ТІС АНАТОМИЯСЫ

- ◎ **Тістер** - қатты жасушаларда тұратын, азықты алғаш механикалық өңдеуден өткізу үшін арналған құрылым. Сонымен қатар жануарларда қорғану және шабуыл үшін қару ретінде қолданылады. Ал адамда сөз дыбыстарының пайда болуы үшін маңызды, және де күлудегі маңызды компонент болып табылады.

- ◎ Тістерді *сүт тіс* және *тұрақты тіс* деп бөледі.
- ◎ Тістердің қалыпты саны ересек адамда - 28, және болуы міндетті емес 4 ақыл тіс. Атап айтсақ 8 күрек тіс, 4 азу тіс, 8 кіші азу тіс және 8-12 үлкен азул тістер. Балаларда сүт тіс 3 айдан бастап бір жас шамасыаралығында шығады. Сүт тістер 6-12 жас аралығындағы тұрақты тістерге біртіндеп алмастырылады. Сүт тістерінің жалпы саны 20: 8 күрек тіс, 4 азу тіс және 8 моляр тіс. Кейбір адамдарда 32 емес 33 тіс болады. Мұндай жағдайлар өте сирек, бірақ оларды комплекттен тыс деп аталу келісілген; екі жоғарғы алдыңғы тістердің орнына үш тіс орналасады.



Тістер негізгі функциялары бойынша 4 түрге жіктеледі:

- Кескіштер - балаларда шығатын алдыңғы тістер. Азықтың кесуі үшін пайдаланылады
- Азу тістер - асты бөлшектеу үшін және азықты ұстап қалуы үшін қызмет көрсететін конус сияқты тістер
- Премоляр (түбірдің алдындағы азу тіс)
- Моляр тістер(түбірдегі) - азықтың қажалауы үшін қызмет көрсететін артқы тістер.

Кез келген тіс үш бөліктен тұрады:

- ауыз ішінде тұрған бөлігін тіс сауыты (коронка зуба – *corona dentis*),
- тіс ұяшығында немесе альвеолада орналасқан бөлігін тіс түбірі (корень зуба – *radix dentis*),
- тіс сауытының тіс түбіріне ауысатын аймағын тіс мойыны (шейка зубы – *collum dentis*) деп атайды.

Бұл аймақта тіс сауытын жауып тұрған кіреукеден (эмаль – *enamelum*) тұратын жабынды бітіп, түбір цементі (цемент – *cementum*) басталады.

Әрбір тістің ішінде қуысы (полость зуба – *cavum dentis*) болады және екі бөліктен тұрады:

- сауыт қуысы (коронковая полость – *cavum coronale*)
- түбір бөлігі немесе түбір өзегі (корневой канал – *canalis radialis dentis*).
- Түбір өзегі түбір ұшында тар тесікпен (верхушечное отверстие – *foramen apicis dentis*) аяқталады.

Тісті әрбір жақ сүйегінің оң және сол жақ бөлігіне жатқызуға мүмкіндік беретін үш белгі дамыған. Олар:

- тіс сауытының дөңестік (признак кривизны коронки),
- бұрыштық және түбірлік белгілері (признак угла и корня).

- Тіс сауытының бұрыш белгісі көбінесе алдыңғы топтағы тістерге тән: тіс сауытының алдыңғы беті тістеу қырымен тік немесе сүйірлеу бұрыш, ал бүйір беті доғал бұрыш жасай қосылады.
- Түбір белгісі барлық тістерге тән: алдыңғы тістердің түбірлері олардың тік осінен көбіне бүйір бағытта, ал кіші және үлкен азу тістердің түбірлері артқа қарай иілген

- *Күрек тістер (резцы – dentes incisivi). Жоғарғы жақ орталық күрек тістерінің пішіндері жиегі тегіс күрекке немесе қашауға (долото) ұқсас және осы топтағы тістердің ең ірісі болып табылады. Ерін және таңдай жақ беттері бір-бірімен қиылысып, тар тістеу қырын құрайды. Жаңа шыққан тұрақты тістердің тістеу қырлары өткір және онда 3 бұдырмақ орналасқан.*
- *Түбірі конус пішіндес, ерін жақ беті таңдай бетінен кеңдеу, көлденең кесіндісі үшбұрышқа ұқсайды. Алдыңғы және бүйір беттерінде аса терең емес сайлар орналасқан. Тіс сауытының дөңестік және бұрыш белгілері жақсы дамыған. Түбір белгісі аса тұрақты емес, (бірде оң, бірде теріс), тіс түбірі көбіне артқы және бүйір бағытта иіледі.*

- **Бүйір күрек тістер** орталық күрек тістерден кішілеу, ерін беті дөңес, сауытының алдыңғы бұрышы доғалданған тік бұрышқа ұқсас, ал бүйір бұрышы анық доғал бұрышқа тең. Таңдай жақ беті ойық және үшбұрышқа ұқсас, оның екі бүйір қабырғасы білікке ұқсап қалыңдаған және тістің мойын бөлігінде бірігіп, биіктеу төмпешік құрайды. Төмпешіктің ылдиында терең шұңқыр орналасқан, оны «тұйық тесік» (слепое отверстие –fovea saecum) деп атайды. Түбірі екі жағынан (алдыңғы және бүйір жағынан) қысыңқы келеді және беттерінде аса терең емес сайлар кездеседі, көлденең кесіндісінде сопақ пішінді. Тістердің «сауыт дөңестігі мен бұрыш белгілері» жақсы, ал түбір белгісі нашар дамыған

- *Төменгі жақ күрек тістер: тіс қатарында көлемі жағынан жоғарғы күрек тістерден кішілеу. Сауыттары тік бағытта созылған, ерін жақ беттері аз ғана дөңес, таңдай беттері тік бағытта ойыс, жоғарғы тістердегідей бүйір біліктері болмағандықтан «тіс төмпешігі» жоқ. Бүйір күрек тістердің сауыттары орталық күрек тістердікіне қарағанда көлемдірек және мойын бөлігінен тістеу қырына қарай кеңейіп отырады. Түбірлері жіңішке, екі жағынан (алдыңғы және бүйір бағытта) қысылған, беттерінде сайлары бар. Түбірдің бүйір бетіндегі сайы тереңірек. Тістерде сауыт бұрышы белгілері нашар дамыған.*

- ◎ ***Сүйір тістер*** (клыки – *dentes canini*) (6-сурет), жоғарғы сүйір тістердің пішіні конусқа ұқсас, алдыңғы топтағы тістердің ішінде ең жақсы дамыған тістер. Тістеу қырлары күрек тістердікіндей тегіс емес бір-бірімен бұрыш жасап бірігетін екі түзуден тұрады және оның алдыңғы бөлігі қысқалау. Олардың қиылысқан жерінде жақсы дамыған тістеу төмпешігі бар. Ерін жақ беті дөңес, жіңішкелеу білікпен екіге (екі фасеткаға) бөлінеді. Алдыңғы фасеткасы кішілеу, ал бүйір фасеткасының көлемі үлкен. Тіл жақ беті дөңес және тік білікпен екіге бөлінген. Біліктің екі жағында да ойықтар, кейде шұңқырлар орналасқан. Мойын аймағында білік үлкейіп жақсы дамыған «тіс төмпешігіне» айналады. Жанасу беттері үшбұрышқа ұқсас. Үшбұрыштың тістеу қырымен біріккен шың аймағы дөңес. Түбірі де жақсы дамыған конусқа ұқсас, екі жағынан қысылған, беттерінде сайлары бар, бүйір беті дөңестеу. Түбір ұшы иілген. Сауыттың «бұрыш және дөңестік белгілері» жақсы дамыған

- ◎ **Төменгі жақ сүйір тістер.** Пішіндері жағынан жоғарғы аттас тістерге ұқсас, бірақ тіс қатарында көлемдері кішілеу. Ерін жақ беті дөңес болғанмен тік білік нашар дамыған, сондықтан сауыттың ұрт беті анық екіге бөлінбеген. Тіл жақ беті ойыс, «тіс төмпешігі» анық көрінеді. Сауыттың ерін және бүйір беттерінің биіктігі тіл және алдыңғы беттерінің биіктігінен ұзындау. Түбірі жақсы дамыған, екі жағынан қысыңқы, беттеріндегі сайлары анық. Тіс қуыстары кең, ұршық пішіндес, төбесі дөңес, біртіндеп тарылып барып кең әрі жақсы өтетін өзекке ауысады. Төменгі сүйір тісте кейде екі өзек (ерін және тіл жақ өзектері) болады

- **Төменгі бірінші кіші азу тістер.** Олардың көлемі жоғарғы кіші азу тістерге қарағанда кішілеу, сауыттарының шайнау беттері домалақ пішінді, екі төмпешік орналасқан, ұрт төмпешігі тіл төмпешігінен үлкен және биік. Олардың арасында тіл төмпешігіне жақын орналасқан жіңішке сай бар, бір-бірімен алдыңғы және артқы беттерінде кіреуке білігі арқылы қосылады. Кейде ұрт төмпешігінің ортасынан тіл төмпешігіне қарай кіреуке білігі өтеді де оның жан-жағында екі шұңқыр немесе ойық орналасады. Ұрт беті дөңестеу және кеңдеу, сауыттың «дөңестік белгісі» жақсы дамыған. Жанасу беттері де дөңес, біртіндеп тіл бетіне ауысады. Түбірі сопақ пішінді, алдыңғы және артқы беттерінде шамалы сайлары да болуы мүмкін. Кейде тіс сауыты түбіріне доғал бұрыш жасай аздап тіл жаққа қарай иілуі де мүмкін. Тістің «түбір белгісі» жақсы дамыған.
- **Төменгі екінші кіші азу тіс.** Көлемі тіс қатарында бірінші кіші азу тістен үлкендеу. Шайнау бетінде бірдей дамыған екі төмпешігі бар; бір-бірімен кіреуке біліктері арқылы қосылған, араларында терең сай орналасқан. Көбіне одан тілге қарай қосымша сай басталып, тіл төмпешігін екіге бөледі. Сондықтан оның шайнау беті үш төмпешікті бетке ұқсап қалады. Ұрт беті бірінші кіші азу тістікіндей, ал жанасу беттері онікінен кеңдеу және дөңес, біртіндеп тіл бетіне ауысады. Тіл беті де бірінші кіші азу тістікінен үлкендеу. Түбірі конус пішіндес және жақсы дамыған.

- **Үлкен азу тістер немесе көп төмпешікті тістер** (большие коренные зубы, многобугорковые зубы – *dentes molares, s. dentes multicuspidati*). Жоғарғы бірінші үлкен азу тістің көлемі үлкен, шайнау беті ромбыға ұқсас, төрт төмпешігі бар, бірі-бірінен сайлар арқылы бөлінген (10-сурет). Сайдың біреуі сауыттың алдыңғы бөлігінен басталып, шайнау бетін басып өтіп, ұрт бетіне ауысып, тістің мойын бөлігіне дейін созылады.